



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі «Қаржы
орталығы» АҚ



Жас мамандар мен PhD философия докторларының жұмысты өтеу міндеті

Нұр-Сұлтан қ.

**«Білім туралы» ҚР Заңының 47-бабының 17-тармағына, ҚР Үкіметінің
жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен бекітілген
мамандарды жұмысқа жіберу қағидаларына сәйкес**

2012
Жас

Мына азаматтарға үш жыл жұмысты өтеу міндегі жүктелген:



ЖОО-ны бітіргеннен кейін 3 жыл

АУЫЛ КВОТАСЫ

Ауыл квотасы бойынша педагогикалық, медициналық және ветеринариялық мамандықтарға оқуға түскендер
(бакалавриат, интернатура)


ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУ КЕРЕК?

Педагогикалық
мамандықтар



Ауылдық жерде
мемлекеттік БІЛІМ
БЕРУ ұйымдарында

Медициналық
мамандықтар



Ауылдық жерде
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ұйымында

Ветеринарлық
мамандықтар



Ауылдық жерде
ВЕТЕРНАРИЯ
саласындағы мемлекеттік
ұйымдарда

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша педагогикалық, медициналық мамандықтарға оқуға түскендер
(бакалавриат, интернатура, магистратура/резидентура)

ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУ КЕРЕК?

Педагогикалық
мамандықтар



Мемлекеттік
БІЛІМ БЕРУ
үйымдарында

Медициналық
мамандықтар



Мемлекеттік
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
үйымында

PHD ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЛАРЫ (мемлекеттік білім беру тапсырысы)

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде

Философия докторы (PhD)

баздарламасы бойынша оқуга түскендер

ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУ КЕРЕК?

Барлық мамандықтар



Жоғары және (немесе) жоғары
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарында (ЖОО-ларда)

немесе


ҒЫЛЫМИ
ҰЙЫМДАРДА

КВОТА ШЕГІНДЕ ОҚУҒА ТҮСКЕН АУЫЛ ЖАСТАРЫ ҚАТАРЫНАН ШЫҚҚАН ҚР АЗАМАТТАРЫ

**Ауыл квотасы шегінде оқуға түсіп, педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары (бакалавриат) бойынша оқыған ауыл жастары арасынан шыққан ҚР азаматтары
26-баптың 8-тармагының 6-тармақшасына сәйкес**

ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУ КЕРЕК?

Педагогикалық, техникалық, ауыл шаруашылығы мамандықтары



ОҚЫҒАН ЖЕРІ БОЙЫНША ӨҢІРДЕ

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ

(басқа мамандықтар)

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша
БАСҚА МАМАНДЫҚТАРҒА оқуға түскендер (2017 жылдан бастап) (яғни,
педагогикалық, медициналық мамандықтарды қоспағанда)

ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУ КЕРЕК?

Барлық мамандықтар (бакалавриат, магистратура)



Меншік нысанына қарамастан ұйымдарда жұмысты өтейді

Жұмысқа бөлу

1. **Жас мамандарды (тұлектерді) және философия докторларын (PhD) жұмысқа жіберу мақсатында оларды дербес бөлу жүзеге асырылады**
2. **Бөлу жөніндегі комиссиялар жыл сайын жас мамандар мен философия докторлары (PhD) оқуын бітіретін тиісті Қазақстан Республикасы ЖОО-лары жанынан жұмысқа дербес бөлу үшін құрылады.**
3. Бөлу жөніндегі тиісті комиссияға дәлелді себептерсіз келмей қалған жас мамандар және/немесе философия докторлары (PhD) **олардың қатысуының бөлінеді.**

Жас мамандарды бөлу тәртібі

(бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура)

- Жұмысқа бөлу және жіберу жоғары оку орындарында және (немесе) денсаулық сақтау саласының уәкілетті органында (мед. мамандықтар үшін ҚР ДСМ) мына тәртіппен жүзеге асырылады: **жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссиялар құрылады**;
- Бөлу жұмыс берушінің алдағы уақытта жұмысқа орналастыруы және жас маман жұмыс орнына келгенге дейін бос орынның сақталуы туралы **өтінішхаты (анықтаманың)** негізінде жүзеге асырылады.
- Жұмысқа бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда, бөлу жөніндегі комиссиялар жас мамандарды жұмысты өтеу мерзімінде жұмыссыз ретінде есепте болған уақытты есептей отырып, тікелей турғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелуге жібереді.

Философия докторларын (PhD) бөлу тәртібі

- Жұмысқа бөлу және жіберу мынадай тіртіппен жүзеге асырылады. ЖОО-ларда философия докторларын (PhD) дербес **бөлу жөніндегі комиссиялар** құрылады.
- Философия докторларын (PhD) дербес бөлу ЖОО-лар мен ғылыми ұйымдардың кадрларға қажеттілік туралы өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- Жұмысқа бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда философия докторлары (Phd) тікелей тұрғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығына **жұмыс іздең жүрген адам ретінде тіркелу үшін** жіберіледі, оның жұмыссыз ретінде тіркеуде болған уақыты жұмысты өтеу мерзіміне есептеледі.
- Ағымдағы жылы оқуын бітірген философия докторлары (Phd) **1 қыркүйектен кешікпей** жолдама бойынша жұмыс орнына келеді

«Білім туралы» 47-баптың 17-2) тармағында жұмысты өтеу міндетінен босату қаастырылған

(оқу бітірген жылы Бөлу комиссиясының шешімімен ғана ұсынылады)

1

жұбайы (зайыбы) тұратын, жұмыс істейтін немесе қызметін өткеретін елді мекенде бос орын болмаған жағдайдағы адамдарға;

2

I және II топтағы мүгедектерге;

3

одан әрі оқу үшін магистратураға, резидентураға, докторантураға түскен адамдарға;

4

жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар, сондай-ақ үш жасқа дейінгі баланы (балаларды) өзі тәрбиелеп жатқан адамдарға.

МЕРЗІМДІ ҰЗАРТУ НЕ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРУ:

Мерзімдік әскери қызметке түскенде немесе шақырылғанда, жас маманға жұмысты өтеу мерзіміне қызметті өтеу уақытын қоспастан қызметті өтеу уақытына жұмысты өтеу мерзімі кейін шегеріледі. (2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 ҚР ҮК 17-т.).

«Білім туралы» ҚР Заңының 47- бабының 17-4-тармағында:

«Жұмысты өтеу жөніндегі міндетті орындағаны үшін жас маман және философия докторы өзінің оқуына байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы арқылы бюджетке өтеуге міндетті» деп жазылған.

Мониторингілеу бағдарламасының операторы «Каржы орталығы» АҚ болып табылады



ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШИН БАЙЛАНЫС ТЕТИКТЕРИ:

- Телефондар: **8(7172)69-50-32, 69-50-34, 69-50-56, 69-50-57, 69-50-58**
ТЖ (карантин) кезеңіне мобиЛЬДІ телефон:
- **8 771 833 88 03,**
8 702 555 8902
- Сайт: <https://fincenter.kz/>
- Электронды почта: fincenter@fincenter.kz